


«Бекітемін»
«Торайғыров университеті» КЕАҚ
ҒЖЖХЫ жөніндегі
Басқарма мүшесі – Проректор
Н.Т. Ержанов _____
2024 ж. « ____ » _____



**Е.БЕКМАХАНОВ АТЫНДАҒЫ ӨЛКЕНІҢ ТАРИХЫ МЕН
ЭТНОГРАФИЯСЫ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ АРАЛЫҒЫНДА
АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ЕСЕБІ**

Павлодар

2024

Е.Бекмаханов атындағы өлкенің тарихы мен этнографиясы ГПО
2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстары жөнінде
ЕСЕП

2023-2024 оқу жылында орталықта жоспарға сәйкес төмендегідей жұмыстар атқарылды:

1. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың **«Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы»** 2020 жылғы 24 қарашадғы № 456 Жарлығын орындау бойынша архивтік материалдармен жұмыс жасалып, соның негізінде магистранттар мен студенттерге тапсырмалар берілді.

2. Павлодар облыстық Қазақстан Халықтары Ассамблеясының секретариатының шешімі бойынша Саяси қуғын-сүргін көргендердің **«Халық жады»** атты кітабына қажетті материалдар жинақталуда.

3. Орталық директоры А.Құдабаев 2022 жылдың 17 қыркүйек күні Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайынан **«Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясының»** жұмысы бойынша екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан Павлодарлықтар жөнінде материалдар жинақтады.

4. 2022 жылдың 28 қазан күні Акқулы ауданының, Мерғалым ауылында көрнекті ғалым, қазақ әдебиетін ғылыми зерттеудің бастауында тұрған әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, Мұхтар Әуезовтың шәкірті және осы ауылдың тумасы Бекмұрат Уахатовтың 90-жылдығына орай **«Фольклор – асыл қазына»** атты ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Әдебиеттанушы атындағы жергілікті орта мектеп кітапханасына **«Торайғыров Университеті»** КеАҚ Басқарма-Төрағасы Еркін Садықовтың ұйымдастыруымен университеттің атынан зерттеушінің алты томдық еңбектер сериясы ұсынылды.

Орталықтың кіші ғылыми қызметкері Ж.С. Серикова алты томдық шығармалар жинағының баспаға қалай дайындалғаны жөнінде және әр томдағы мақалалардың өзіндік еркшеліктеріне тоқталды. Конференцияға ауыл тұрғындары мен құрметті ақсақалдары, зерттеушінің туыстары және Акқулы ауданының әкімі Абзал Балғабаев қатысты. Іс-шарада жастар арасында қазақ мәдениетін зерттеу және дәріптеу тақырыптары көтерілді, сондай-ақ ғалымның мұрасы туралы айтылды.

5. 2022 жылдың 4 қараша күні Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті ғалым, экономика ғылымының кандидаты, доцент Қанаш Шәкенұлы Шәкеновтың 100-жылдық мерейтойына арналған конференциясында Амантай Жетпісұлы **«Тұңғыш терең тұлға»** атты баяндама жасады.

6. 2022 жылдың 14 желтоқсан күні Орталық қалалық кітапханасы «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы!» атты ҚР тәуелсіздік күніне арналған еске алу кешін өткізді. Осы аталмыш еске алу кешіне Желтоқсан көтерілісіне қатысқан А.Құдабаев тарихи куәгер ретінде естеліктерімен бөлісті.

7. 2023 жылдың 12 мамыр күні «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ «Академик Ә.Х. Марғұланның ғылыми және Қазақстандағы тарих ғылымының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын өткізді. Бұл конференцияда орталық директоры А. Құдабаев «Дала кезген данышпан» атты баяндама жасады.

8. 2023 жылдың 19 мамыр күні «Торайғыров Университеті» КеАҚ «Алашорда» аудиториясында Тарихи қайраткер Ғабдылуахит Әзірет Тіленшіұлының 170 жылдығына, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 165 жылдығына, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдығына және ақын Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдығына арналған «ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ПЕРЗЕНТТЕРІ» атты ғылыми конференциясын өткізді. Бұл конференция онлайн және оффлайн арқылы өткізілді. Е.Бекмаханов атындағы өлкенің тарихы мен этнографиясы ғылыми-практикалық орталығының директоры, ф.ғ.к., профессоры А.Құдабаев «Әлемдік өркениет және Ұлы дала» деген тақырыпта баяндама жасады.

9. 2023 жылдың 30 мамыр күні Орталық қалалық кітапханасында Саяси қуғын-сүргін мен аштық құрбандарын еске алу күніне арналған «Азалы тарихқа – айрықша тағзым» еске алу кешінде Амантай Жетпісұлымен кездесу өткізірілді.

10. 2023 жылдың 31 мамыр күні «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ Саяси қуғын-сүргіндерді еске алу күніне арналған «Қасірет пен тағзым» атты дөңгелек үстел өткізді. Бұл дөңгелек үстелде Амантай Жетпісұлы «Қуғын-сүргіннің ұлттық менталитетке тигізген зардаптары» деген тақырыпта баяндама жасады.

11. 2024 жылдың 15 наурыз күні кинорежиссер, актер, Шәкен Аймановтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Сұңғыла» атты естеліктер кітаптың тұсаукесері болды. Сонымен қатар, арнайы конференция өткізілді. Е. Бекмаханов атындағы өлкенің тарихы мен этнографиясы ғылыми –практикалық орталығының директоры Амантай Жетпісұлы Құдабаев баяндама жасады.

12. 2024 жылдың 17 тамыз күні Баянауыл ауданы, Мойылды шатқалында А. Құдабаевтың Әлкей Марғұлан туралы, «Дархан – Дарын»

кітабының және Шәкен Айманов туралы «Сұңғыла» атты естелік кітаптың таныстырылымдары өтті.

13. 2024 жылдың желтоқсан айында «Павлодар қаласының М. Әлімбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ, "Павлодар қаласының Малайсары батыр атындағы жалпы орта білім беру мектебі" КММ, «Павлодар қаласының № 5 жалпы орта білім беру мектебі» КММ мектептерінде «Желтоқсан тарихы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен кездесулер өткізіледі.

14. 2024 жылдың 13 желтоқсан күні Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайында және Потанин атындағы облыстық өлке тану музейінде, С. Торайғыров атындағы қалалық орталық кітапханада «Желтоқсан менің жүрегімде» атты конференция өтеді.

Директор



А.Ж. Құдабаев